Наименование, адрес и контактные данные (телефон, факс, электронная почта) организации на территории Республики Казахстан, принимающей претензии (предложения) по качеству лекарственных средств от потребителей и ответственной за пострегистрационное наблюдение за безопасностью лекарственного средства:

ТОО «ТД Фармамед», г.Алматы, улица Ходжанова, здание 67, н.п. 4а

Тел.: +7 (727) 344-99-05/06 E-mail: Almaty@pharmamed.kz

8. НОМЕР РЕГИСТРАЦИОННОГО УДОСТОВЕРЕНИЯ

№ РК-ЛС-5№023667

№ РК-ЛС-5№023666

9. ДАТА ПЕРВИЧНОЙ РЕГИСТРАЦИИ (ПОДТВЕРЖДЕНИЯ РЕГИСТРАЦИИ, ПЕРЕРЕГИСТРАЦИИ)

Дата первой регистрации: 22.05.2018

10. ДАТА ПЕРЕСМОТРА ТЕКСТА

Общая характеристика лекарственного препарата доступна на официальном сайте <http://www.ndda.kz>

«Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Медициналық және
фармацевтикалық бақылау
комитеті» РММ төрағасының
2021ж. «22» қаңтар
№№N035938, №N035940 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1. ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТ АТАУЫ

ГАБАЛИР, 75 мг, капсулалар

ГАБАЛИР, 150 мг, капсулалар

2. САПАЛЫҚ ЖӘНЕ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

2.1 Жалпы сипаттамасы Прегабалин

2.2 Сапалық және сандық құрамы

Бір 75 мг капсуланың құрамында

белсенді зат - 75,00 мг прегабалин құрғақ затқа шаққанда.

150 мг бір капсуланың құрамында

белсенді зат – 150,00 мг прегабалин құрғақ затқа шаққанда.

Дәрілік препарат құрамында бар екені ескерілу керек қосымша заттар: лактоза моногидраты; понсо 4R (E 124), көк патенттелген V (E 131), гауһарлы қара PN (E 151) – 150 мг доза үшін.

Қосымша заттардың толық тізімін 6.1 тармақтан қараңыз.

3. ДӘРІЛІК ТҮРІ

Капсулалар

Мөлдір емес ақ корпусы және ақ қақпағы (75 мг доза үшін) немесе көк қақпағы (150 мг доза үшін) бар қатты желатинді капсулалар

Капсуланың ішіндегісі – ақ немесе ақ дерлік түсті ұнтақ.

4. КЛИНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕРІ

4.1 Қолданылуы

- ересектердегі шеткері және орталықтық нейропатиялық ауыруды емдеу үшін
- салдарлы жайылумен немесе онсыз жүретін парциальді құрысулары бар ересектердегі эпилепсияда (қосымша дәрі ретінде)
- ересектердегі жайылған үрейлі бұзылысты емдеу үшін

4.2 Дозалау режимі және қолдану тәсілі

Дозалау режимі

Препаратты ішке, тәулігіне екі немесе үш қабылдауға бөлінген 150-ден 600 мг дейінгі дозасында қолданады.

Препаратты ас ішуге қарамастан қабылдауға болады.

Нейропатиялық ауыру

Емдеуді тәулігіне екі немесе үш қабылдауға бөлінген 150 мг дозасынан бастайды. Пациенттің жекелей жауабына және препараттың көтерімділігіне байланысты, 3-7 күннен соң дозасын тәулігіне 300 мг дейін арттыруға, ал қажет болған жағдайда, тағы 7 күннен соң - тәулігіне ең жоғары 600 мг дозасына дейін арттыруға болады.

Эпилепсия

Емдеуді тәулігіне екі немесе үш қабылдауға бөлінген 150 мг дозасынан бастайды.

Пациенттің жекелей жауабына және препараттың көтерімділігіне байланысты, бір аптадан соң дозасын тәулігіне 300 мг дейін арттыруға, ал тағы бір аптадан соң – тәулігіне ең жоғары 600 мг дозасына дейін арттыруға болады.

Жайылған үрейлі бұзылыс

Препаратты тәулігіне 150-ден 600 мг дейігі дозада екі немесе үш қабылдауға бөліп қолданады. Емдеудің қажеттілігі жүйелі түрде қайтадан қаралып отыруы тиіс.

Емдеуді тәулігіне 150 мг дозасынан бастайды. Пациенттің жекелей жауабына және препараттың көтерімділігіне байланысты, бір аптадан соң дозасын тәулігіне 300 мг дейін арттырып, тағы бір аптадан соң дозасын тәулігіне 450 мг дейін арттыруға, ал тағы бір аптадан соң - тәулігіне ең жоғары 600 мг дозасына дейін арттыруға болады.

Прегабалинді тоқтату

Егер емдеуді тоқтату қажет болса, оны біртіндеп, қолданылу көрсетіліміне байланыссыз, ең көбі бір апта ішінде жүргізу ұсынылады.

Пациенттердің ерекше топтары

Бүйрек функциясының жеткіліксіздігі бар пациенттер

Прегабалин жүйелі қанағымнан көбінесе өзгермеген күйде бүйрек арқылы шығады. Прегабалиннің клиренсі креатинин клиренсіне тікелей пропорциялы болғандықтан, бүйрек функциясының бұзылуы бар пациенттерде дозасын төмендету жекелей тәртіппен, 1-кестеде көрсетілгендей, креатинин клиренсіне (КлКр) қарай жүзеге асырылуы және келесі формула бойынша анықталуы тиіс:

$$\text{КлКр (мл/мин)} = \left[\frac{1,23 \times [140 - \text{жас шамасы (жас)}] \times \text{дене салмағы (кг)}}{\text{Сарысу креатинині (мкмоль/л)}} \right] (\text{әйелдер үшін} \times 0,85)$$

Прегабалин қан плазмасынан гемодиализдің көмегімен тиімді шығарылады (әр 4 сағат сайын препарат 50 %-ы). Гемодиализ жүргізілетін пациенттерде препараттың тәуліктік дозасын бүйрек функциясын ескере отырып таңдайды. Препараттың тәуліктік дозасына қосымша әр 4 сағат гемодиализден кейін қосымша дозасын тағайындайды (1- кестені қараңыз).

1-кесте. Прегабалиннің дозасын бүйрек функциясына байланысты түзету

Креатинин клиренсі (мл/мин)	Прегабалиннің жалпы тәуліктік дозасы ¹		Дозалау режимі
	Бастапқы дозасы (мг/тәул.)	Ең жоғары дозасы (мг/тәул.)	
≥ 60	150	600	Тәулігіне 2 рет немесе
≥ 30-дан < 60-қа дейін	75	300	Тәулігіне 2 рет немесе
≥15-тен < 30-ға дейін	25-50	150	Тәулігіне 1 рет немесе
< 15	25	75	Тәулігіне 1 рет
Гемодиализден кейінгі қосымша дозасы (мг)			
	25	100	Бір рет ²

¹Жалпы тәуліктік дозасы (мг/тәул.), қажетті мг/доза мәнін алу үшін дозалау режиміне сәйкес бөлінуі тиіс

² Қосымша доза - бұл бір реттік қосымша дозасы

Бауыр функциясының жеткіліксіздігі бар пациенттер

Бауыр функциясының бұзылуы бар пациенттерде дозасын түзету қажет емес.

Балалар

Прегабалин 12 жасқа толмаған балалар мен жасөспірімдердегі (12-17 жас шамасындағы) қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталмаған. Қолда бар деректер «Жағымсыз реакциялар», «Фармакологиялық қасиеттері» бөлімдерінде келтіріледі, бірақ осы деректер бойынша дозалау жөнінде ұсынымдар беру мүмкін емес.

Егде жастағы пациенттер

Бүйрек функциясының төмендеуіне байланысты, егде жастағы пациенттерге препараттың дозасын төмендету қажет болуы мүмкін.

4.3 Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препараттың белсенді затына немесе қосымша заттарының кез келгеніне аса жоғары сезімталдық
- тұқым қуалайтын галактоза жақпаушылығы, Lapp (ЛАПП)-лактаза ферментінің тапшылығы, глюкоза-галактоза мальабсорбциясы
- балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер
- жүктілік және лактация кезеңі

4.4 Айрықша нұсқаулар

Қант диабеті бар пациенттер

Қант диабеті бар, прегабалинді қолданғанда дене салмағының артуы байқалатын кейбір пациенттерге гипогликемиялық препараттардың дозасын түзету қажет болуы мүмкін.

Аса жоғары сезімталдық реакциялары

Ангиневроздық ісіну жағдайларын қоса, аса жоғары сезімталдық реакциялары туралы хабарламалар бар. Беттің ісінуі, ауыз айналасының ісінуі немесе жоғарғы тыныс жолдарының ісінуі сияқты ангиеневроздық ісіну симптомдары пайда болған жағдайда, дереу прегабалинді қабылдауды тоқтату керек.

Бас айналу, ұйқышылдық, естен тану, сананың шатасуы және психикалық бұзылыс

Прегабалинмен емдеу бас айналумен және ұйқышылдықпен қатар жүрді, олар егде жастағы пациенттерде байқаусызда жарақаттанулар (құлап қалу) қауіпін жоғарылатуы мүмкін. Препаратты тіркеуден кейін қолдану барысында естен тану, сананың шатасуы және психикалық бұзылыс туралы хабарламалар келіп түскен. Сондықтан, препараттың ықтимал әсерлері өздеріне белгілі болғанша, пациенттер сақтық танытуы керек.

Көрумен байланысты әсерлері

Прегабалинмен ем қабылдаған пациенттердегі бақыланатын зерттеулерде көру айқындығының нашарлауы плацебо қабылдаған пациенттерге қарағанда жиірек байқалды; көп жағдайларда бұл жағымсыз әсері препаратты қолдануды жалғастырған кезде басылған. Офтальмологиялық тексеру жүргізілген клиникалық зерттеулерде, көз көргіштігінің төмендеуі мен көру аясы өзгерістері жағдайларының жиілігі плацебо қабылдаған пациенттермен салыстырғанда, прегабалинді қабылдаған пациенттерде жоғары болды; көз түбі тарапынан болатын өзгерістердің жиілігі плацебо қабылдаған пациенттерде жоғары болды.

Препаратты тіркеуден кейін қолдану кезеңінде көру ағзасы тарапынан да жағымсыз құбылыстар, соның ішінде, көрмей қалу, анық көрмеу немесе көру жітілігінің басқа өзгерістері анықталды, олардың көпшілігі қысқа мерзімді сипатта болды. Препаратты тоқтату көру тарапынан болатын аталған симптомдардың жоғалуына немесе азаюына алып келуі мүмкін.

Бүйрек функциясының жеткіліксіздігі

Бүйрек функциясының жеткіліксіздігі жағдайлары туралы хабарланды, және кей жағдайларда прегабалинді тоқтату аталған жағымсыз реакцияның қайтымдылығына алып келді.

Эпилепсияға қарсы қатарлас дәрілік препараттарды тоқтату

Прегабалинді эпилепсияға қарсы емге монотерапия ретінде қолдану мақсатында қосқан жағдайда, құрысу ұстамаларын аталған препараттың көмегімен бақылауға алғаннан кейін эпилепсияға қарсы қатарлас препараттардың тоқтатылуы туралы деректер жеткіліксіз.

Тоқтату симптомдары

Прегабалинмен қысқа мерзімді және ұзаққа созылған емді тоқтатқаннан кейін кейбір

пациенттерде тоқтату симптомдары байқалған. Физикалық тәуелділікті көрсететін келесі құбылыстар байқалды: ұйқысыздық, бас ауыру, жүрек айнуы, үрейлену, диарея, тұмаутәрізді синдром, күйгелектік, депрессия, ауыру, құрысулар, гипергидроз және бас айналу. Пациентке бұл туралы емдеудің басында хабарлау керек.

Прегабалинді қолдану барысында немесе оны тоқтатқаннан кейін көп ұзамай, эпилепсиялық статус пен ауқымды құрысу ұстамаларын қоса, құрысулар туындауы мүмкін. Прегабалинмен ұзаққа созылған емді тоқтатуға келсек, деректер, тоқтату симптомдарының жиілігі мен ауырлығы препараттың дозасына тәуелді болуы мүмкін екендігін көрсетеді.

Жүрек функциясының созылмалы жеткіліксіздігі

Прегабалинді тіркеуден кейінгі кезең кезінде қабылдаған кейбір пациенттерде жүрек функциясының созылмалы жеткіліксіздігі жағдайлары тіркелді. Ол реакциялар көбінесе, прегабалинді нейропатиялық көрсетілімдер бойынша қолдану кезінде жүрек-қантамыр бұзылулары болған егде жастағы пациенттерде байқалды. Прегабалинді ондай пациенттерде сақтықпен қолдану керек. Прегабалинді тоқтату реакцияның басылуына алып келуі мүмкін.

Жұлын зақымдануынан болған орталықтық нейропатиялық ауыруды емдеу

Жұлын зақымдануынан болған орталықтық нейропатиялық ауыруды емдеу кезінде жағымсыз реакциялардың жалпы жиілігі, орталық жүйке жүйесі тарапынан болатын жағымсыз реакциялардың жиілігі және әсіресе, ұйқышылдықтың жиілігі жоғарылаған. Бұған, осы ауруды емдеу үшін қажетті қатарлас дәрілік препараттардан (мысалы, түйілуге қарсы препараттар) туындаған аддитивтік әсер түрткі болуы мүмкін. Мұны, прегабалинді аталған ауруды емдеу үшін тағайындаған кезде ескеру керек.

Суицидтік ойлар мен мінез-құлық

Эпилепсияға қарсы препараттарды бірнеше көрсетілім бойынша қабылдап жүрген пациенттерде, суицидтік ойлар мен суицидтік мінез-құлық тіркелген. Эпилепсияға қарсы дәрілік препараттардың рандомизацияланған плацебо-бақыланатын зерттеулерінің мета-анализі де суицидтік ойлар мен мінез-құлықтың туындау қаупінің аздап жоғарылағанын көрсетті. Бұл қауіптің механизмі белгісіз, және қолжетімді деректер, прегабалинді қолданғанда қауіптің жоғарылауы мүмкіндігін жоққа шығармайды. Осыған байланысты, пациенттер суицидтік ойлар мен мінез-құлық белгілерінің пайда болуына қатысты қадағалауда болуы тиіс, және сәйкесінше емдеу мүмкіндігін қарастыру керек. Пациенттерге (сондай-ақ, пациенттерге күтім жасайтын адамдарға) суицидтік ойлар мен мінез-құлық белгілері пайда болған жағдайда, медициналық көмекке жүгінуді ұсыну керек.

Асқазан-ішек жолының төменгі бөліктері функциясының төмендеуі

Тіркеуден кейінгі кезең ішінде, прегабалин апиындық анальгетиктер сияқты, іш қатуды туындатуы мүмкін дәрілік препараттармен бір мезгілде қолданылғанда, асқазан-ішек жолының төменгі бөліктері функциясының төмендеуімен байланысты құбылыстар (мысалы, ішектің бітелуі, ішектің салданып бітелуі және іш қату) тіркелді. Прегабалин мен апиындық препараттарды бір мезгілде қолданғанда іш қатуды болдырмауға арналған шараларды қолдану мүмкіндігін қарастыруға болады (әсіресе, әйел жынысты пациенттерде және егде жастағы пациенттерде).

Апиындармен бір мезгілде қолдану

Прегабалинді апиындармен бірге ОЖЖ тежелу қаупіне байланысты тағайындаған кезде сақ болу ұсынылады (4.5 бөлімін қараңыз). Апиын қабылдаған пациенттер, прегабалинді апиынмен бір мезгілде қабылдаған пациенттер қатысқан «жағдай-бақылау» типті зерттеуде, тек апиын қабылдаған пациенттермен салыстырғанда өліммен аяқталудың апиынға байланысты жоғары қаупі болды (мүмкіншіліктердің түзетілген қатынасы (МТҚ) 1,68 [95% СА: 1,19–2,36]). Мұндай қауіптің жоғарылауы прегабалиннің төмен дозаларын (≤ 300 мг, МТҚ 1,52 [95% СА: 1,04–2,22]) қолданғанда байқалды, сондай-ақ прегабалиннің жоғары дозаларын қолданғанда қауіптің жоғарылау үрдісі байқалды (> 300 мг, МТҚ 2,51 [95% СА: 1,24–5,06]).

Тиісінше қолданбау, шамадан тыс қолданылу ықтималдылығы және тәуелділік

Препарат тиісінше қолданылмаған, шамадан тыс қолданылған немесе оған тәуелділік жағдайлары туралы хабарланды. Анамнезінде психобелсенді заттардың шамадан тыс қолданылуы бар

пациенттерге прегабалинді сақ болып тағайындау керек, және ондай пациенттерді, препараттың тиісінше қолданылмауы, шамадан тыс қолданылуы мен оған тәуелділіктің симптомдарын (толеранттылықтың дамуы, дозасын арттыру, препаратты іздеуге бағытталған мінез-құлық) анықтау мақсатында қадағалап отыру керек.

Энцефалопатия

Әсіресе, энцефалопатияны туындатуы мүмкін негізгі аурулары бар пациенттерде энцефалопатия жағдайлары туралы хабарланды.

Қосымша заттар бойынша ақпарат

Габалир препаратының құрамында лактоза моногидраты бар. Галактоза жақпаушылығы, Лаппа лактаза жеткіліксіздігі немесе глюкоза мен галактозаның мальабсорбция синдромы сияқты сирек тұқым қуалайтын бұзылулары бар пациенттер бұл ақпаратты ескеруі керек.

Балаларда қолдануға тыйым салынған капсула қабығының құрамындағы понсо 4R (E 124), патенттелген көк V (E 131), гауһарлы қара PN (E 151) бояғыштарының болуына, сондай-ақ прегабалин препараттарын педиатрияда қолдану тәжірибесінің болмауына байланысты препарат 18 жасқа дейінгі балаларға қарсы көрсетілімді.

Габалир, 150 мг, капсулалардың құрамында аллергиялық реакциялар туындатуы мүмкін гауһарлы қара бояғыш бар.

4.5 Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі және өзара әрекеттесудің басқа түрлері

Адамда прегабалин көбінесе өзгермеген күйде несеппен бірге шығатындықтан, метаболизмге өте аз ұшырайды (дозасының < 2 %-ы несеппен бірге метаболиттер түрінде шығады), басқа препараттардың метаболизмін *in vitro* тежемейді және қан плазмасы ақуыздарымен байланыспайды, оның басқа дәрілік препараттармен фармакокинетикалық өзара әрекеттесу ықтималдығы аз.

In vivo зерттеулер және популяциялық фармакокинетикалық талдау

Прегабалин препаратының фенитоинмен, карбамазепинмен, вальпрой қышқылымен, ламотриджинмен, габапентинмен, лоразепаммен, оксикодонмен немесе этанолмен клиникалық тұрғыдан елеулі фармакокинетикалық өзара әрекеттесу белгілері анықталған жоқ. Диабетке қарсы пероральді дәрілер, диуретиктер, инсулин, фенобарбитал, тиагабин және топирамат прегабалин препаратының клиренсіне клиникалық тұрғыдан елеулі әсер етпейтіні анықталды.

Пероральді контрацептивтер, норэтистерон және/немесе этинилэстрадиол

Прегабалинді пероральді контрацептивтермен, норэтистеронмен және/немесе этинилэстрадиолмен бір мезгілде қолдану аталған заттардың тепе-теңдік жағдайындағы фармакокинетикасына әсер етпейді.

Орталық жүйке жүйесіне әсер ететін препараттар

Прегабалин этанол мен лоразепамның әсерлерін күшейтуі мүмкін.

Препаратты тіркеуден кейін қолдану кезінде алынған, прегабалин мен апиындарды және/немесе орталық жүйке жүйесінің басқа депрессанттарын қабылдап жүрген пациенттердегі тыныс алу жеткіліксіздігі мен кома және өлім туралы хабарламалар болды.

Прегабалин оксикодонның, когнитивтік және жалпы моторлық функцияның бұзылуынан болатын әсерін аддитивті күшейтуі мүмкін.

Дәрілермен өзара әрекеттесулері және егде жастағы пациенттер

Егде жастағы еріктілерде фармакодинамикалық өзара әрекеттесулеріне арнайы зерттеулер жүргізілген жоқ. Дәрілер арасындағы өзара әрекеттесулерді зерттеу тек ересек пациенттердің ғана қатысуымен жүргізілді.

4.6 Фертильділік, жүктілік және лактация.

Бала тууға қабілетті әйелдер/ерлер мен әйелдердегі контрацепция

Адам үшін ықтимал қаупі белгісіз болғандықтан, бала тууға қабілетті әйелдерге контрацепцияның тиімді әдістерін пайдалану қажет.

Жүктілік

Прегабалиннің жүкті әйелдерде қолданылуы туралы деректер жеткіліксіз.

Жануарларға жүргізілген зерттеуде препараттың репродуктивті уыттылығын көрсетті (5.3 бөлімін қараңыз). Адамдарға ықтимал қауіп белгісіз.

Прегабалин айқын қажеттілігі болмаса, жүктілік кезінде қолданбаған дұрыс (анасы үшін күтілетін пайдасы ұрық үшін ықтимал қауіпінен асып түсетін жағдайлардан басқасында).

Емшекпен емізу

Прегабалин емшек сүтіне бөлінеді. Прегабалиннің жаңа туған нәрестелерге/сәбилерге әсері белгісіз. Бала емзуді немесе прегабалинмен емдеуді тоқтату туралы шешім сәби үшін емшек емудің артықшылығы мен әйел үшін емдеудің пайдасын ескере отырып қабылдануы тиіс.

Фертильділік

Прегабалиннің әйелдердегі ұрпақ өрбіту функциясына әсері туралы клиникалық деректер жоқ.

Прегабалиннің сперматозоидтардың қозғалғыштығына әсерін бағалау бойынша клиникалық зерттеуде дені сау ер жынысты пациенттер прегабалинді тәулігіне 600 мг дозада қабылдады. 3 ай емінен кейін сперматозоидтардың қозғалғыштығына әсер еткен жоқ.

Ұрғашы егеуқұйрықтардағы фертильділікті зерттеу жағымсыз репродукциялық әсерлерді көрсетті. Еркек егеуқұйрықтардағы фертильділікті зерттеу репродукциялық функцияға және құрсақағы дамуға жағымсыз әсер етті. Осы нәтижелердің клиникалық маңыздылығы белгісіз (5.3 бөлімін қараңыз).

Прегабалин Көлік құралдарын басқару және басқа механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне шамалы немесе орташа әсер етуі мүмкін. Препарат бас айналумен ұйқышылдықты туындатуы мүмкін, бұл көлік құралдарын басқару және басқа механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне әсер етуі мүмкін. Сондықтан пациенттерге Көлік құралдарын басқарудан немесе күрделі техникамен жұмыс істеуден немесе осы дәрілік заттың осындай қызметті орындау қабілетіне әсер ететіні белгілі болғанға дейін басқа да ықтимал қауіпті қызметтен бас тарту ұсынылады.

4.8 Жағымсыз реакциялар

Прегабалинді зерттеу бойынша клиникалық бағдарламаға прегабалинді қабылдаған 8900-нан астам пациент қатысты, олардың 5600-ден астамы салыстырмалы жасырын плацебо бақыланатын клиникалық зерттеулерге қатысты. Ең көп таралған жағымсыз реакциялар бас айналу және ұйқышылдық болды. Жағымсыз құбылыстар әдетте шамалы немесе орташа айқын болды. Барлық бақыланатын зерттеулерде жағымсыз реакциялардың дамуы салдарынан препаратты тоқтату жиілігі прегабалин қабылдаған пациенттерде 12%-ды және плацебо қабылдаған пациенттерде 5%-ды құрады. Прегабалинді қолдану тобынан ашығарып тастауға әкелетін ең жиі жағымсыз реакциялар бас айналу және ұйқышылдық болды.

Прегабалин препаратын қолдану кезінде біліну жиілігіне қарай келесідегідей жіктелген жағымсыз әсерлер тіркелген: *өте жиі* ($\geq 1/10$), *жиі* ($\geq 1/100$ -ден $< 1/10$ дейін), *жиі емес* ($\geq 1/1000$ -нан $< 1/100$ дейін), *сирек* ($\geq 1/10\ 000$ -нан және $< 1/1000$ дейін), *өте сирек* ($< 1/10\ 000$) және белгісіз (қолда бар мәліметтер бойынша анықтау мүмкін емес).

Аталған жағымсыз реакциялар негізгі аурумен және/немесе қатарлас дәрілік препараттарды қолданумен байланысты болуы мүмкін.

Жұлынның зақымдануына байланысты орталық нейропатиялық ауырсынуды емдеу кезінде жалпы жағымсыз реакциялар жиілігі, ОЖЖ жағымсыз реакциялары және әсіресе ұйқышылдық (4.4 бөлімін қараңыз) артты.

Өте жиі

- бас айналу, ұйқышылдық, бас ауыру

Жиі

- назофарингит

- тәбеттің жоғарылауы

- эйфория, сананың шатасуы, ашушандық, бағдардан адасу, ұйқысыздық, либидо төмендеуі

- атаксия, қимыл-қозғалыс үйлесімінің бұзылуы, тремор, дизартрия, амнезия, есте сақтаудың нашарлауы, зейін қоюдың нашарлауы, парестезия, гипестезия, седативті әсер, тепе-теңдіктің

бұзылуы, мәңгіру

- анық көрмеу, диплопия
- вертиго
- құсу, жүрек айну*, іш қату*, диарея*, метеоризм, іштің кебуі, ауыздың құрғауы
- эрекциялық дисфункция
- шеткері ісіну, ісіну, жүріс-тұрыстың бұзылуы, құлау, масаю сезімі, өзін нашар сезіну, қатты қажу
- дене салмағының жоғарылауы
- бұлшықет құрысулары, артралгия, арқаның ауыруы, аяқ-қолдардың ауыруы, омыртқа бағанының мойын бөлігі бұлшықеттерінің түйілуі

Жиі емес

- нейтропения
- аса жоғары сезімталдық*
- анорексия, гипогликемия
- елестеулер, үрей ұстамасы, мазасыздық, үрейлі қозу, депрессия, депрессиялық көңіл-күй, көтеріңкі көңіл-күй, озбырлық*, көңіл-күйдің өзгеруі, өзін өзі танымау, сөз тауып айтуға қиналу, әдеттен тыс түстер көру, либидо жоғарылауы, аноргазмия, апатия
- естен тану, мелшию, миоклонус, естен тану*, психомоторлық аса жоғары белсенділік, дискинезия, постуральді бас айналу, интенциялық тремор, нистагм, когнитивтік бұзылыс, психикалық бұзылыс*, сөйлеу бұзылысы, гипорефлексия, гиперестезия, ашыту сезімі, агевзия, дімкәстану*
- шеткері көрудің жоғалуы, көру бұзылулары, көздің ісінуі, көру аясының ақауы, көз көргіштігінің төмендеуі, көздің ауыруы, астенопия, фотопсия, құрақ көз синдромы, көзжастың шамадан тыс ағуы, көздің тітіркенуі
- гиперакузия
- тахикардия, I дәрежелі атриовентрикулярлық блокада, синустық брадикардия, жүрек функциясының созылмалы жеткіліксіздігі*
- гипотензия, гипертензия, ысыну, гиперемия, аяқ-қолдардың мұздауы
- ентігу, мұрыннан қан кету, жөтел, мұрынның бітелуі, ринит, қорылдау, мұрынның шырышты қабығының құрғауы
- гастроэзофагеальді рефлюкс ауруы, сілекейдің көп ағуы, оральді гипестезия
- бауыр ферменттері деңгейлерінің жоғарылауы**
- папулалық бөртпе, есекжем, гипергидроз, қышыну*
- буындардың ісінуі, миалгия, бұлшықет құрысулары, мойынның ауыруы, бұлшықеттердің сіресуі
- несеп тоқтамау, дизурия
- сексуалдық дисфункция, эякуляция іркілуі, дисменорея, сүтбездердің ауыруы
- жайылған ісіну, беттің ісінуі*, кеуденің қысылу сезімі, ауыру, пирексия, шөлдеу, қалтырау, астения
- қандағы креатинфосфокиназа деңгейінің жоғарылауы, қандағы глюкоза деңгейінің жоғарылауы, тромбоциттер санының азаюы, қандағы креатинин деңгейінің жоғарылауы, гипокалиемия, дене салмағының азаюы

Сирек

- ангионевроздық ісіну*, аллергиялық реакция*
- дезинфекция
- құрысулар*, паросмия, гипокинезия, дисграфия
- көрмей қалу*, кератит*, осциллопсия, көру тереңдігінің өзгеруі, мидриаз, қитарлық, көру арқылы қабылдаудың қанықтығы
- QT аралығының ұзаруы*, синустық тахикардия, синустық аритмия
- өкпенің ісінуі*, тамақ қысылғандай сезіну
- асцит, панкреатит, тілдің ісінуі*, дисфагия
- сарғаю
- Стивенс-Джонсон синдромы*, суық тер
- рабдомиолиз

- бүйрек функциясының жеткіліксіздігі, олигурия, несеп шықпау*
- аменорея, сүтбездерден бөліністердің шығуы, сүтбездердің үлкеюі, гинекомастия*
- лейкоциттер санының азаюы

Өте сирек

- бауыр функциясының жеткіліксіздігі, гепатит

* Препаратты тіркеуден кейінгі кезеңде қолдану кезінде тіркелген қосымша реакциялар

** Аланинаминотрансфераза (АЛТ) деңгейінің жоғарылауы және аспартатаминотрансфераза (АСТ) деңгейінің жоғарылауы.

Прегабалинмен қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді емдеу тоқтатылғаннан кейін кейбір пациенттерде тоқтату симптомдары байқалды. Келесі реакциялар көрсетілді: ұйқысыздық, бас ауыру, жүрек айну, үрейлену, диарея, тұмауға ұқсас синдром, құрысулар, күйгелектік, депрессия, ауырсыну, гипергидроз және физикалық тәуелділікті айғақтайтын бас айналу. Пациентке бұл туралы емдеудің басында хабарлау керек.

Прегабалинмен ұзақ мерзімді емдеуді тоқтатуға қатысты қолда бар деректер тоқтату симптомдарының пайда болу жиілігі мен ауырлығы препараттың дозасына байланысты болуы мүмкін екенін айғақтайды.

Бала жасындағы пациенттер

Прегабалиннің бала жасындағы пациенттердегі зерттеулерде байқалған қауіпсіздік бейіні ересек пациенттердегі осындайға ұқсас болды.

Салдарлы жайылған немесе онсыз парциальді құрысулы ұстамасы бар балалар жасындағы пациенттерде төрт зерттеуде байқалған прегабалиннің қауіпсіздік бейіні (4 жастан 16 жасқа дейінгі пациенттерде тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау бойынша 12- апталық зерттеу, n=295; 1 айдан 4 жасқа дейінгі пациенттерде тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау бойынша 14- күндік зерттеу, n=175; препараттың фармакокинетикасын және жағымдылығын бағалау бойынша зерттеу, n = 65; және кейін бақыланатын 1 жылдық ашық зерттеу, n = 54), эпилепсиясы бар ересек пациенттердегі зерттеулерге ұқсас болды. Прегабалинмен емдеу кезінде 12 апталық зерттеуде байқалған ең жиі жағымсыз құбылыстар ұйқышылдық, пирексия, жоғарғы тыныс алу жолдарының инфекциясы, тәбеттің жоғарылауы, дене салмағының артуы және назофарингит болды. Прегабалинмен емдеу кезінде 14 күндік зерттеуде байқалған ең жиі жағымсыз құбылыстар ұйқышылдық, жоғарғы тыныс алу жолдарының инфекциясы және пирексия болды (4.2, 5.1 және 5.2 бөлімдерін қараңыз).

Күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Дәрілік препараттың (ДП) «пайда-қауіп» арақатынасын үздіксіз мониторингтеуді қамтамасыз ету мақсатында дәрілік препаратты тіркеуден кейін күмән тудыратын жағымсыз реакциялар туралы хабарлау маңызды. Медициналық қызметкерлерге ҚР жағымсыз реакциялар туралы ұлттық хабарландыру жүйесі арқылы дәрілік препараттың кез келген күмәнді жағымсыз реакциялары туралы мәлімдеуге кеңес беріледі.

«Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

4.9 Артық дозалану

Симптомдары: ұйқышылдық, сананың шатасуы, үрейлі козу, мазасыздық, сирек жағдайларда кома. Сонымен қатар, құрысулар дамыған жағдайлар туралы хабарланды.

Емі: жалпы демеуші ем және қажет болған жағдайда гемодиализ.

5. ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

5.1. Фармакодинамикалық қасиеттері

Фармакотерапиялық тобы: Эпилепсияға қарсы препараттар. Эпилепсияға қарсы басқа препараттар. Прегабалин. Эпилепсияға қарсы басқа препараттар. Прегабалин.

АТХ коды N03AX16

Габапир препаратының әсер етуші заты гамма-аминмай қышқылының ((S)-3-(аминометил)-5-метилгексан қышқылы)аналогы - прегабалин болып табылады.

Әсер ету механизмі

Прегабалин орталық жүйке жүйесіндегі потенциал-тәуелді кальций өзекшелерінің қосымша суббірлігімен (α_2 -дельта-белок) байланысады.

Клиникалық тиімділігі және қауіпсіздігі

Нейропатиялық ауыру

Препараттың тиімділігі диабеттік нейропатия, постгерпестік невралгия және жұлынның зақымдануы кезіндегі зерттеулерде көрсетілді. Нейропатиялық ауырсынуудың басқа түрлерінде тиімділігі зерттелген жоқ.

Прегабалин тәулігіне екі рет дозалау режимімен ұзақтығы 13 аптаға дейін (тәулігіне 2 р.) және тәулігіне үш рет (тәулігіне 3 р.) тәулігіне үш рет дозалау режимімен ұзақтығы 8 аптаға дейін бақыланатын 10 клиникалық зерттеуде тексерілді. Жалпы, тәулігіне 2 р. және тәулігіне 3 р. дозалау режимдерінің қауіпсіздігі мен тиімділігінің бейіндері ұқсас болды.

Шеткері және орталық нейропатиялық ауырсынуға қатысты ұзақтығы 12 аптаға дейінгі клиникалық зерттеулерде ауырсыну көрінісінің азаюы 1-аптада байқалды және барлық емдеу кезеңінде сақталды.

Бақыланатын клиникалық зерттеулерде шеткері нейропатиялық ауырсынуға қатысты прегабалин тобы пациенттерінің 35%-да және плацебо тобы пациенттерінің 18%-да ауырсыну шкаласы бойынша 50%-ға жақсару байқалды. Ұйқышылдық болмаған пациенттердің арасында бұл жақсару прегабалин қабылдаған пациенттердің 33%-да және плацебо қабылдаған пациенттердің 18%-да байқалды. Ұйқышылдық туындаған пациенттер арасында емге оң жауап беру жиілігі прегабалин тобында 48% және плацебо тобында 16% құрады.

Созылмалы орталықтық нейропатиялық ауырсынууды бақыланатын клиникалық зерттеулерде прегабалин тобы пациенттерінің 22%-да және плацебо тобы пациенттерінің 7%-да ауырсыну шкаласы бойынша 50%-ға жақсару байқалды.

Эпилепсия

Қосымша ем

Прегабалин тәулігіне 2 немесе 3 рет дозалау режимімен ұзақтығы 12 апта болатын 3 бақыланатын клиникалық зерттеуде зерттелді. Жалпы, тәулігіне 2 р. және тәулігіне 3 р. дозалау режимдерінің қауіпсіздігі мен тиімділігінің бейіндері ұқсас болды.

Құрысу ұстамаларының жиілігінің төмендеуі 1-аптада байқалды.

Балалар

Прегабалиннің тиімділігі мен қауіпсіздігі 12 жасқа толмаған бала пациенттер мен жасөспірімдерде эпилепсияны қосымша емдеу дәрісі ретінде анықталған жоқ. Парциальді құрысу ұстамалары бар 3 айдан 16 жасқа дейінгі ($n = 65$) пациенттер қатысқан фармакокинетикасы және жағымдылығын зерттеуде байқалатын жағымсыз құбылыстар ересектерде байқалатын құбылыстарға ұқсас болды. 4 жастан 16 жасқа дейінгі жастағы 295 баланың қатысуымен жүргізілген 12 апталық плацебо-бақыланатын зерттеудің және парциальді құрысу ұстамаларын емдеу үшін қосымша ем ретінде прегабалиннің тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау үшін 1 айдан 4 жасқа дейінгі 175 баланың қатысуымен жүргізілген 14 күндік плацебо-бақыланатын зерттеудің нәтижелері, сондай-ақ эпилепсиясы бар 3 айдан 16 жасқа дейінгі 54 бала пациенттің қатысуымен жүргізілген бір жылдық қауіпсіздікті ашық зерттеудің нәтижелері, пирексияның жағымсыз құбылыстары және жоғарғы тыныс алу жолдарының инфекциялары эпилепсиясы бар ересектердің қатысуымен жүргізілген зерттеулерге қарағанда жиі байқалғаныны көрсетті (4.2, 4.8 және 5.2 бөлімдерін қараңыз).

12 апталық плацебо-бақыланатын зерттеуде балалар жасындағы пациенттер (4 жастан 16 жасқа дейінгі) 2,5 мг/кг/тәулік дозада (ең көп дегенде 150 мг/тәул.) прегабалин, 10 мг/кг/тәул. дозада прегабалин. (ең көп дегенде 600 мг/тәул.) немесе плацебо қабылдады. Парциальді құрысу ұстамалары жиілігінің бастапқы деңгеймен салыстырғанда кем дегенде 50%-ға азаюы байқалған пациенттердің пайыздық үлесі 10 мг/кг/тәул. дозасында прегабалин тобында 40,6%-ды, ($p = 0,0068$ плацебомен салыстырғанда), 29,1% прегабалин тобында 2,5 мг/кг/тәул. дозада ($p = 0,2600$

плацебомен салыстырғанда) және плацебо тобында 22,6% құрады.

14 апталық плацебо-бақыланатын зерттеуде балалар жасындағы пациенттер (1 айдан 4 жасқа дейінгі) 7 мг/кг/тәулік дозада прегабалин, прегабалин тәулігіне 14 мг/кг дозада немесе плацебо қабылдады. Бастапқы деңгейде және соңғыда 24 сағатта құрысу ұстамаларының медианалық жиілігі 7 мг/кг/тәулік дозасында прегабалин тобында 4,7 және 3,8, прегабалин тобында 14 мг/кг/тәулік дозада 5,4 және 1,4. және тиісінше плацебо тобында 2,9 және 2,3 құрады. Прегабалин тәулігіне 14 мг/кг дозада плацебомен ($p = 0,0223$) салыстырғанда парциальді құрысу ұстамалары туындауының логарифмдік жаңарған жиілігін төмендетті; прегабалин тобында 7 мг/кг/тәулік дозасында плацебомен салыстырғанда жақсару байқалмады.

Монотерапия (диагнозы алғаш қойылған пациенттер)

Прегабалин ұзақтығы 56 апта құрайтын бір бақыланатын клиникалық зерттеуде тәулігіне 2 р. дозалау режимінде зерттелді. Прегабалин құрысу ұстамаларының 6 ай болмауы көрсеткішіне сүйене отырып, ламотриджинмен салыстырғанда тиімділігінің кем емес деңгейіне жеткен жоқ. Прегабалин мен ламотриджин ұқсас қауіпсіз және пациенттерге жағымдылығы жақсы болды.

Жайылған үрейлі бұзылыс

Прегабалин ұзақтығы 4-6 аптаны құрайтын 6 бақыланатын клиникалық зерттеуде, егде жастағы пациенттерде ұзақтығы 8 аптаны құрайтын зерттеуде және қайталану профилактикасының 6-айлық салыстырмалы жасырын фазасы бар қайталанудың алдын алуды ұзақ мерзімді зерттеуде зерделенді.

Гамильтон (НАМ - А) үрейлену шкаласы бойынша ГТР симптомдар айқындылығының азаюы 1 аптада байқалды.

Бақыланатын клиникалық зерттеулерде (ұзақтығы 4-8 апта) прегабалин қабылдаған пациенттердің 52%-да және плацебо қабылдаған 38% - да бастапқы деңгеймен салыстырғанда соңғы нүктеде НАМ-А жалпы көрсеткішінің кемінде 50% жақсарғанын анықтады.

Бақыланатын зерттеулерде прегабалинмен ем қабылдаған пациенттердің көп үлесінде плацебо қабылдаған пациенттермен салыстырғанда анық көрмеу тіркелген, ол көп жағдайда препаратты қолдануды жалғастыру кезінде кеткен. Бақыланатын клиникалық зерттеулер шеңберінде 3600-ден астам пациентте офтальмологиялық тестілеу (оның ішінде көз көргіштігін анықтау, көру аясын формальді тексеру және қарашық кеңейтілген кезіндегі офтальмоскопия) жүргізілді. Осы пациенттердің арасында көз көргіштігінің төмендеуі прегабалин қабылдаған пациенттердің 6,5%-да және плацебо қабылдаған пациенттердің 4,8%-да байқалды. Көру өрісінің өзгеруі прегабалин қабылдаған пациенттердің 12,4%-да және плацебо қабылдаған пациенттердің 11,7%-да бақыланды. Көз түбі тарапынан өзгерістер прегабалин қабылдаған пациенттердің 1,7%-да және плацебо қабылдаған пациенттердің 2,1%-да байқалды.

5.2 Фармакокинетикалық қасиеттері

Прегабалиннің тепе-теңдік күйіндегі фармакокинетикалық көрсеткіштері дені сау адамдарда, эпилепсиясы бар, эпилепсияға қарсы препараттарды қабылдап жүрген пациенттерде, және созылмалы ауыруы бар пациенттердікіне ұқсас.

Сіңірілуі

Прегабалин ашқарынға жылдам сіңіріледі. Препараттың қан плазмасындағы концентрациясы, бір рет қолданғанда да, бірнеше рет қолданғанда да бір сағаттан соң ең шыңына жетеді. Прегабалиннің ішке қабылдағандағы биожетімділігі ≥ 90 % құрайды және қабылданған дозасына тәуелді емес. Қайталап қолданғанда тепе-теңдік жағдайына 24-48 сағат ішінде жетеді. Тамақтану прегабалиннің сіңуін нашарлатады. Сонымен қатар C_{max} шамамен 25-30%-ға төмендейді, ал ең жоғары концентрациясына (t_{max}) жету уақыты шамамен 2,5 сағатқа дейін ұзарады. Алайда, прегабалинді тамақпен бірге қолдану оның сіңірілу дәрежесіне клиникалық тұрғыдан елеулі әсер етпейді.

Таралуы

Клиникаға дейінгі зерттеулерде прегабалин тышқандардың, егеуқұйрықтардың және маймылдардың гематоэнцефалдық бөгеті арқылы өтетіні көрсетілді. Прегабалин плацента арқылы өтеді және лактация кезеңінде егеуқұйрықтардың сүтінде анықталады. Прегабалиннің

ішке қабылданғаннан кейінгі таралу көлемі шамамен 0,56 л/кг құрайды. Препарат қан плазмасы ақуыздарымен байланыспайды.

Биотрансформациясы

Прегабалин аздап метаболизмге ұшырайды. Радиоактивті таңбамен таңбаланған прегабалиннің дозасын қабылдағаннан кейін, несепте анықталған радиоактивті заттың шамамен 98 %-ы өзгермеген прегабалин болып шықты. Прегабалиннің негізгі метаболиті болып табылатын прегабалиннің N-метилденген туындысының үлесіне, препараттың қабылданған дозасының 0,9 %-ы келеді. Клиникаға дейінгі зерттеулерде R-энантиомерде S-энантиомер прегабалин рацемизациясының болмауы анықталды.

Элиминациясы

Прегабалин жүйелі қанағымнан көбінесе өзгермеген күйде бүйрек арқылы шығады.

Прегабалиннің орташа жартылай шығарылу кезеңі 6,3 сағатты құрайды. Прегабалиннің плазмалық және бүйректік клиренсі креатинин клиренсіне тікелей пропорциялы.

Бүйрек функциясы бұзылған немесе гемодиализдегі пациенттерге препарат дозасын түзету қажет (4.2 бөлімін қараңыз).

Дозаға тәуелділігі/тәуелсіздігі

Прегабалиннің ұсынылған тәуліктік дозалары диапазонындағы фармакокинетикасы дозаға тәуелді сипатқа ие. Прегабалин фармакокинетикасының тұраралық ауытқымалылығы төмен (< 20 %). Препараттың бірнеше рет қабылданғандағы фармакокинетикасын, оның бір рет қабылданғандағы фармакокинетикасына қарап болжап айтуға болады. Сондықтан прегабалиннің қан плазмасындағы концентрациясына дәстүрлі мониторинг жүргізу қажет емес.

Жыныс

Клиникалық зерттеулер, прегабалиннің плазмадағы концентрациясына жыныстық ерекшеліктің клиникалық тұрғыдан елеулі әсер етпейтіндігін көрсетеді.

Бүйрек функциясының бұзылуы

Прегабалиннің клиренсі креатинин клиренсіне тікелей пропорциялы. Бұдан өзге, прегабалин қан плазмасынан гемодиализ кезінде тиімді шығарылады (4 сағат гемодиализден кейін прегабалиннің қан плазмасындағы концентрациясы шамамен 50 %-ға азаяды). Өйткені, элиминациясының негізгі жолы бүйрек арқылы шығу болып табылады, бүйрек функциясының бұзылуы бар пациенттерде дозасын азайту қажет, ал гемодиализден кейін қосымша дозаларын қабылдау қажет.

Бауыр функциясының бұзылуы

Бауыр функциясының бұзылуы бар пациенттерде арнайы фармакокинетикалық зерттеулер жүргізілген жоқ. Прегабалин елеулі метаболизмге ұшырамайтындықтан және несеппен бірге көбінесе өзгермеген күйде шығатындықтан, бауыр функциясының бұзылуы прегабалиннің қан плазмасындағы концентрациясына елеулі әсер етпейді деп күтіледі.

Бала жасындағы пациенттер

Прегабалиннің фармакокинетикасы эпилепсиясы бар, бала жасындағы пациенттерде (жас топтары: 1 айдан 23 айға дейін, 2 жастан 6 жасқа дейін, 7 жастан 11 жасқа дейін және 12 жастан 16 жасқа дейін) тәулігіне 2,5; 5; 10 және 15 мг/кг дозаларының деңгейінде фармакокинетикасы мен көтерімділігін зерттеуде бағаланды.

Бала жастағы пациенттер прегабалинді ашқарынға пероральді қабылдағаннан кейін, әдетте, қан плазмасындағы ең жоғарғы концентрациясына жеткенге дейінгі уақыт барлық жас топтары үшін ұқсас болды және дозасын қолданғаннан кейінгі 0,5 сағаттан 2 сағатқа дейінді құрады.

C_{max} және AUC параметрлерінің мәндері әр жас тобында дозасын арттырған кезде дозасына тәуелді артты. Бала жасындағы, дене салмағы 30 кг дейінгі пациенттердегі AUC мәні, аталған пациенттерде дене салмағы бойынша түзетілетін клиренсінің 43 %-ға артуы себепті, дене салмағы ≥ 30 кг пациенттермен салыстырғанда 30 %-ға аз болды.

6 жасқа дейінгі бала пациенттерде прегабалиннің жартылай шығарылуының терминальді кезеңі орташа алғанда 3 сағаттан 4 сағатқа дейінді, ал 7 жас шамасындағы және одан үлкен балаларда - 4 сағаттан 6 сағатқа дейінді құрайды.

Популяциялық фармакокинетикалық талдау, креатинин клиренсінің пероральді қабылдағанда прегабалин клиренсінің елеулі ковариатасы болғанын, дене салмағы пероральді қабылдағанда прегабалиннің таралу көлемінің елеулі ковариатасы болғанын, және бұл тәуелділіктер бала жастағы пациенттер популяциясы менересек пациенттер популяциясы үшін ұқсас болғанын көрсетті.

3 айға толмаған пациенттерде прегабалиннің фармакокинетикасы зерттелген жоқ.

Егде жастағы пациенттер

Прегабалиннің клиренсі егделеу жастағыларда төмендеу үрдісіне ие. Прегабалинді пероральді қабылдағандағы клиренсінің бұл төмендеуі креатинин клиренсінің төмендеуімен салыстырылмалы, бұл жас егделігімен байланысты. Жас ұлғаюына байланысты бүйрек функциясының бұзылулары бар пациенттерге прегабалиннің дозасын төмендету қажет болуы мүмкін.

Бала емізетін әйелдер

Прегабалиннің әр 12 сағат сайын 150 мг дозадағы (тәуліктік дозасы 300 мг) фармакокинетикасы бала емізетін әйелдерде, босанғаннан кейін кемінде 12 апта өткен соң бағаланды. Лактация прегабалиннің фармакокинетикасына әсер еткен жоқ немесе елеусіз әсер етті. Прегабалин емшек сүтіне анасының қан плазмасындағы тепе-тең концентрациялары мәнінің шамамен 76 %-ын құрайтын тепе-тең концентрациялардың орташа мәнімен бөлінді. Теориялық тұрғыдан прегабалиннің балаға тәулігіне 300 мг немесе ең жоғарғы, тәулігіне 600 мг дозасын қабылдаған әйелдің емшек сүтімен баратын тәуліктік дозасы (сүттің болжамды орташа тұтынылуы: тәулігіне 150 мл/кг) сәйкесінше, тәулігіне 0,31-ден 0,62 мг/кг дейінді құрайды. Бұл есептік дозалары анасы үшін дене салмағына мг/кг есебінен, жалпы тәуліктік дозасының шамамен 7 %-ын құрайды.

5.3. Клиникаға дейінгі қауіпсіздік деректері

Жануарларға фармакологиялық қауіпсіздіктің әдеттегі зерттеулерінде прегабалин клиникалық практикада қолданылатын дозалар диапазонында жақсы жақты. Егеуқұйрықтардағы және маймылдардағы көп реттік дозалардың уыттылығын зерттеуде ОЖЖ-ға әсері, оның ішінде гипоактивтілік, гиперактивтілік және атаксия бақыланды. Әдетте кәрі егеуқұйрықтар-альбиностарда бақыланытын көз тор қабығының атрофиясы жағдайларының пайда болу жиілігінің жоғарылауы ең жоғары ұсынылатын клиникалық дозада адамда ≥ 5 есе орташа әсер ету көрсеткіштері кезінде прегабалинді ұзақ уақыт енгізгеннен кейін белгіленді.

Прегабалин тышқандарда, егеуқұйрықтарда немесе үй қояндарында тератогенді әсер етпеді. Егеуқұйрықтардың және үй қояндарының фетальді уыттылығы тек жоғары дозаларда бақыланды, ол адамға әсер ету деңгейінен айтарлықтай жоғары. Прегабалин перинаталдық / босанғаннан кейінгі уыттылық зерттеулерінде егеуқұйрықтар ұрпақтарының дамуына уытты әсер етті, ол адамға қолдану үшін ең жоғары ұсынылған дозаны қабылдағаннан кейін > 2 есе артық.

Еркек және ұрғашы егеуқұйрықтардың фертильділігіне жағымсыз әсері емдік деңгейден елеулі жоғары әсер ету деңгейінде ғана байқалды. Еркектердің репродукциялық ағзаларына және шәуһет параметрлеріне жағымсыз әсерлері қайтымды болды және емдік шамадан асатын әсер ету деңгейінде ғана байқалды немесе еркек егеуқұйрықтардың репродукциялық ағзаларында спонтанды дегенеративті процестермен байланысты болды. Осыған байланысты бұл әсерлер клиникалық маңызы шамалы немесе мүлдем жоқ деп танылды.

In vitro және *in vivo* сынау кешені барысында прегабалиннің геноуыттылық қасиеттері жоқ екендігі анықталды.

Прегабалиннің канцерогенділігін екі жылдық зерттеу егеуқұйрықтар мен тышқандарға жүргізілді. Егеуқұйрықтарда ең жоғары ұсынылған клиникалық дозада тәулігіне 600 мг орташа дозада адамда орташа әсерден 24 есеге дейін артық әсер еткенде ешқандай ісіктер байқалмады. Тышқандарда адамдағы орташа әсерге ұқсас әсер ету деңгейлерінде ісіктердің пайда болу жиілігінің артқаны байқалмады, бірақ жоғары әсер ету деңгейлерінде гемангиосаркома жағдайлар санының артқаны байқалды. Тышқандарда прегабалинмен индукцияланған ісіктердің

пайда болуының геноуытты емес механизмі тромбоциттердің өзгеруін және осыған байланысты эндотелийлік жасушалардың пролиферациясын қамтиды. Қысқамерзімді және ұзақмерзімді шектеулі клиникалық зерттеулер деректері егеуқұйрықтарда немесе адамдарда тромбоциттердің өзгерісі жоқтығын көрсетеді. Адамда препаратты қолдануға байланысты қауіп дәлелдері жоқ. Жас егеуқұйрықтардың уыттылық түрлері ересек егеуқұйрықтарда байқалатын уыттылық түрлерінен сапа бойынша айырмашылығы жоқ. Дегенмен, жас егеуқұйрық дарақтары өте сезімтал болып келеді. Әсердің емдік деңгейі кезінде ОЖЖ тарапынан клиникалық белгілердің айғағы (гиперактивтілік және бруксизм) және бой өсуінің кейбір өзгерістері (дене салмағы өсуінің уақытша бәсеңдеуі) болды. Адамда әсері емдік деңгейден 5 есе артық әсер еткенде эстральді циклге әсер етуі байқалды. Акустикалық реакция шамасының төмендеуі жас егеуқұйрықтарда 1-2 аптадан кейін әсер ету кезінде, адамда емдік әсер ету деңгейінен >2 есе артық болған кезде байқалды. Әсерден кейін тоғыз аптадан соң бұл тиімділігі байқалмады.

6. ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

6.1. Қосымша заттардың тізбесі

Бір 75 мг капсуланың құрамында:

қосымша заттар: лактоза моногидраты, желатинделген крахмал, тальк;

капсула қабығының құрамы: желатин, титанның қостотығы (E 171);

150 мг бір капсуланың құрамында:

қосымша заттар: лактоза моногидраты, желатинделген крахмал, тальк;

капсула қабығының құрамы: желатин, титанның қостотығы (E 171), понсо 4R (E 124), көк патенттелген V (E 131), гауһарлы қара PN (E 151).

6.2. Үйлесімсіздігі

Қатысты емес.

6.3 Жарамдылық мерзімі

2 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

6.4 Сақтау кезіндегі айрықша сақтандыру шаралары

Түпнұсқалық қаптамасында 25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

6.5 Шығарылу түрі және қаптамасы

10 капсуладан поливинилхлорид үлбірден және мөрі бар лакталған алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамада. 2 пішінді ұяшықты қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.

6.6 Пайдаланылған дәрілік препаратты немесе дәрілік препаратты қолданудан немесе онымен жұмыс істеуден кейін алынған қалдықтарды жою кезіндегі айрықша сақтану шаралары.

Утилизациялауға қойылатын ерекше талаптар жоқ.

6.7 Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы

7. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ ҰСТАУШЫСЫ

«Киевмедпрепарат» ЖАҚ

Украина, 01032, Киев қ., Саксаганский к-сі, 139

тел / факс: +380 44 490 75 22,

электронды мекенжайы: office@kievmedpreparat.com

7.1. ТІРКЕУ КУӘЛІГІ ҰСТАУШЫСЫНЫҢ ӨКІЛІ

Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан дәрілік заттардың сапасы жөніндегі шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта):

«ГД Фармамед» ЖШС,
Алматы қ., Ходжанов көшесі, 67 ғимарат, т. е. 4а
Тел.: +7 (727) 344-99-05/06
E-mail: Almaty@pharmamed.kz

8. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ НӨМІРІ

№ ҚР-ДЗ-5№023667

№ ҚР-ДЗ-5№023666

9. БАСТАПҚЫ ТІРКЕЛГЕН (ТІРКЕУ, ҚАЙТА ТІРКЕУ РАСТАЛҒАН) КҮН

Бірінші тіркеу күні: 22.05.2018

10. МӘТІН ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН КҮН

Дәрілік препараттың жалпы сипаттамасын ресми сайттан қарауға болады <http://www.ndda.kz>